ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

# ҚАЗАҚ университеті

№ 08 (1349) 28 қараша 2006 жыл



Газет 1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

# «АЛТЫН САПАЛЫ» УНИВЕРСИТЕТ ТҮЛЕГІ – дамушы мемлекет тірегі

*Жақында Астана төріндегі Конгресс-Холлда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өнеркәсіп саласында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген отандық кәсіпорындар мен ұйымдарға Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын тапсыру және "Алтын сапа" байқау-көрмесінің дипломанттарын марапаттау рәсімі болып өтті. Бұл еліміздегі өнімдері аса сапалы деп танылған мекемелердің ішінде Қазақстанның бәсекелестікке қабілетті 50 елдің қатарына қосылу сындарлы бағытында тынбай жұмыс істеп келе жатқан, егемен елдің қоғам мүшелерін сомдап, тәрбиелеп шығаруда басты рөл атқаратын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де бар. Салтанатты рәсімде осы "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы өз қолымен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Төлеген Әбдісағиұлына табыс етті.*




"Халықаралық бәсекелестік жағдайында елімізде өндірілетін өнімдердің сапасы бірінші кезекті маңызға ие болып отыр. Қазақстан нарықтық экономикалы ел ретінде танылған мемлекетке айналды. Дегенмен, қол жеткен табыстарға тоқмейілсіп, бір орында тұрып қалуға болмайды, сондықтан алдымызға әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу міндеті қойылып отыр. Бірақ бұл міндетті орындау - экономиканы диверсификациялауды, өндірістерге жаңа технологияларды енгізуді, бәсекеге қабілетті және сапалы өнім өндіруді талап етеді. Қазақстан – шағын мемлекет, сол себепті ішкі нарықты толтыру онша қиынға түспейді. Халықаралық аренаға шығу қажеттілігінің туындайтыны да сондықтан. Ал халықаралық нарыққа шығу үшін сапалы тауар қажет және жоғары сапалы өнімдер өндіретін салалар білікті мамандармен қамтамасыз етілуге тиіс. Сонда ғана белгілі бір нәтижелерге қол жеткізетінімізге сенім артуға болады. Елімізде жүзеге асырылып жатқан Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы да дәл осы мақсаттарды көздейді", - деп баса айтты Елбасы жеңімпаздарға сыйлықтарды табыс етер алдында сөйлеген құттықтау сөзінде. Елбасы биылғы жылы алғаш рет Президент тағайындаған сыйлықтардың сапалы өнім шығаруға ынталандыру мақсаттарынан туындағанын айта келіп, бұл сыйлықты алғандардың бір салық жылы ішінде корпоративтік табыс салығынан 50 пайыздық жеңілдікке ие болатынын және екі жыл бойына сыйлық эмблемаларын жарнамалық мақсаттар үшін пайдалана алатындарын ерекше атап көрсетті.

Мұндай озық көрсеткіштерге қол жеткізген өнім өндірушілер мен қызмет көрсетушілерді марапаттау тәжірибесі әлемнің 40-қа жуық ірі мемлекетінде бар. Сондықтан да әлемдік деңгейде даму бағытына құлаш сермеген Қазақстан үшін де бұл игі бастама аса қажет екені даусыз. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен бірге бұл сыйлыққа Ақтау шыны талшықты құбыр зауыты, "Балқаштүстіметалл" өндірістік бірлестігі, "Беккер и К" жауапкершілігі шектеулі кәсіпорны, "Эл-Джи Электроникс Алматы Қазақстан" акционерлік қоғамы да ие болды.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев биыл тұңғыш рет тағайындаған "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығы жыл сайын өнім немесе қызмет көрсетудің сапасы, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тауар өндірушінің сапаны басқарудың жоғарғы қарқынды әдістерін игеруі бойынша айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген ұйымдарға беріліп отыратын болады. Сыйлық лауреаттары мен республикалық байқау-көрменің дипломанттары атағын тағайындау жөніндегі комиссия екі категорияда және үш номинация бойынша тағайындайды. Олар: "Өндірістік бағыттағы үздік кәсіпорын", "Халық тұтынатын тауарлар шығаратын үздік кәсіпорын", "Қызметтер көрсететін үздік кәсіпорын".

Президент еліміздегі өте сапалы деген тауар өндірушілер мен қызмет көрсетушілерді марапаттаған жиында қазақстандықтарды бірінші кезекте отандық тауарларды сатып алып, отандық қызмет көрсету саласына басымдық беруге шақырды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ЕлбасыНұрсұлтан Назарбаевтың қолынан "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алған еліміздегі тұңғыш әрі бірден-бір жоғарғы оқу орны болып тарихта қалмақ. Бұл жетпіс жылдан астам тарихы бар алдыңғы қатарлы жоғарғы оқу орнының жылдар бойғы сапалы мамандар даярлауға қосқан үлесіне берілген лайықты баға деп қабылдауымыз қажет.

**Ғалия АҚСЕЙІТ**

## ТӘУЕЛСІЗДІККЕ – 15 ЖЫЛ

***16 желтоқсан – Қазақстан Тәуелсіздігінің 15 жылдығы. Әрбір шаңыраққа шуағын шашқан Тәуелсіздік таңы барысындағы мерейтойды Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де талай асуларды бағындырған қалыппен қарсы алмақ. Оған кеше ғана мемлекеттік деңгейде еңбегіміздің бағаланып, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өз қолынан алған "Алтын сапа" Президент сыйлығын мысалға келтірсек те жеткілікті. Бұл Елбасының қасиетті қара шаңырақ профессор-оқытушылар құрамы мен оның ұясынан түлеп ұшар ел болашағы – студент жастарға білдірген алғысы ғана емес, артқан сенімі болса керек. Сондай-ақ, бұл сапалы қоғам мүшелерін тәрбиелеп шығарудағы ҚазҰУ еңбегінің жемісі мен нәтижесі.***

***Қазақстан қазірде биылғы Елбасы Жолдауында айтылғандай, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу бағытында үздіксіз даму үстінде. Сондықтан да, еліміздің халықаралық деңгейде алдыңғы құрамнан табылуы үшін әрқайсымыз оған күш салуымыз қажет. Ал бұл біздің біліктігіміз бен әлеуетімізде жатыр. Осы орайда, басты меже – ортақ мүддеге айналуы шарт.***

## БҮГІНГІ САНДА:

1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ: САЯСАТ, БИЛІК, ТАҒДЫРЛАР 2-бет





СОЮЗ НАУКИ И ПРАКТИКИ 4-бет

ӘЙЕЛДЕР БЕЛСЕНДІЛІГІ МЕМЛЕКЕТ НАЗАРЫНДА 5 стр.





ҚАЗҰУ-ДЫҢ СУПЕРСТУДЕНТІ 7-бет

■ *Мәселе*

# 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ:
# САЯСАТ, БИЛІК, ТАҒДЫРЛАР

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінде 2006 жылдың 2-қарашасында еліміздің тәуелсіздік жолындағы тарихи белесінде басты роль атқаратын , 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының 20 жылдығына арналған "1986 жылғы желтоқсан оқиғасы: саясат, билік, тағдырлар" атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Конференция егемен Қазақстан саяси тарихындағы Желтоқсан оқиғасының маңызы мен рөлі, халық санасындағы алатын мәдени-тарихи орны, әлеуметтік-экономикалық, студент жастардың алаңға шығуының әлеуметтік-мәдени себептері, Қазақстандағы моноэтностық және полиэтностық ортадағы агрессияның зерттелу мәселелері талқыланып, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына әлеуметтік-саяси талдау, Қазақстандағы этникааралық және конфессияаралық мәселелерді шешудің өркениетті негізі, жастарды саяси әлеуметтендірудегі демократиялық процестердің ықпалы жайында сөз болды. Оған жетекші саясаттанушы-сарапшылар, философия, саясаттану, мәдениеттану, психология, дінтану саласындағы жетік мамандар, профессорлар, ғалымдар, сондай-ақ қалалық әкімдіктің өкілдері, желтоқсаншылар, аспиранттар, магистранттар, студенттер қатыса отырып, өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты. Шараға бірнеше



БАҚ өкілдері де қатынасты.

Конференцияның алғашқы жалпы отырысын ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Намазалы Омашев өз сөзінде: "...бұл тарихи оқиғаға осы конференцияға қатысушылар ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдау жасай келе, саяси бағасын бере жатар..." – деп, қатысушы көпшілікті конференцияның мақсатымен және оның жұмыс жоспарымен таныстырып өтті.

Конференцияның негізгі баяндамашысы философия және саясаттану факультетінің деканы - Ғарифолла Есім Желтоқсан қозғалысының халық санасындағы алатын мәдени-тарихи орнын айта келіп, "біріншіден дұшпандар бізді нақты таныды, "ұлтшылдар" деп баға берді, бұл – рас дүние, ең бастысы қазақ қазақты оятты; қазақ қыздарының ерекше белсенділігі көрінді, бұл – ұлттық тәрбиенің өзекті арнасы; демократия сабағы, яғни ойға салмақ түсті, ел социалистік ұйқыдан оянды; қазақтардың урбанизациясы басталды. Негізінде қазақтардың қалалық болмай, ұлттық мәселелердің шешілуі қиын" – деп, ой түйіндеді.

Бұдан ары Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филология факультетінің деканы, Қансейіт Әбдезұлы: "ұлттық намысты қайта бағамдайтын уақыт келді" десе, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің деканы Бауыржан Жақып: "Желтоқсан шежіресі" атты кітап жарыққа шықса" деген орынды ұсыныс білдірді. Конференцияның көрігін "Желтоқсан жаңғырығы" кітабының авторы Коммунар Тәбей одан әрі қыздыра түсті. Конференцияның қарарына 2 ұсыныс: - Желтоқсан оқиғасына құқықтық-саяси баға берілу және саяси оқиғаның мәртебесін анықтау қажеттігі енгізіліп, оны ҚР Парламентіне жіберу жөнінде шешім қабылдау керектігіне екпін түсірді. Пленарлық жұмыс барысында конференцияға қатысушы саясаткерлер, саясаттанушылар, ғалымдар, желтоқсаншылар, сарапшылар өз пікірлерін ортаға салып, түрлі ойларын жеткізіп жатты. Конференция түс ауа жоспарланған 4 секция жұмысына ұласты. Дәлірек айтқанда, "1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы: егемен Қазақстанның саяси тарихы", "1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының әлеуметтік-мәдени және психологиялық аспектілері: себептері мен салдарлары", "Елдің тарихи тағдырына жастардың әлеуметтік жауаптылығы", "Қазақстандағы этникааралық қатынастар: теория және тәжірибе" тақырыптары бойынша жұмыс істеді.

Бірінен кейін бірі сөз алған ғалымдар, аспиранттар, студенттер Желтоқсан оқиғасын жан-жақты бағытта саяси, тарихи, құқықтық, психологиялық, этникалық, мәдени, әлеуметтік тұрғыда талдап, оның бағасын берді.

Саясаттану кафедрасының 3-курс студенті Ғазиза Әлібекова "Желтоқсан - тәуелсіздіктің генераторы" десе, осы кафедраның аспиранты Әбіләзиз Исаев " желтоқсан тарихы қайта жазыла отырып, қазақ тарихынан көлемді орын берілу керектігін" тілге тиек етті. Секциялар жұмысын қорытындылаған философия және саясаттану факультеті деканының орынбасары, доцент, саяси ғылымдардың кандидаты Зұлфұхар Сұлтанұлы: "...Таулардың биіктігі алыстаған сайын көріне бастайтыны сияқты, Желтоқсан туралы объективті сана қалыптаса бастады. Бүгін Желтоқсан оқиғасына ғалымдар эмоциясыз 7 түрлі аспектіде ғылыми баға беруге тырысты..." – деп, қатысушылардың барлығына алғысын білдірді. Конференция соңында қарар қабылданып, тиісті орындарға жолданатын болып шешілді.

**Әбіләзиз ИСАЕВ,**
**Саясаттану кафедрасының аспиранты**

■ *Чемпионат мира по программированию*

***5 ноября 2006 года на базе механико-математического факультета Казахского национального университета им. аль-Фараби состоялся четвертьфинал ежегодного Чемпионата мира по программированию среди студенческих команд высших учебных заведений.***

# КОНКУРС ДЛЯ ПРОДВИНУТЫХ

Мировой чемпионат по программированию проводится под эгидой наиболее авторитетной в компьютерном мире международной организации Association for Computing Machinery (ACM), которая была основана в 1947 году. Командный чемпионат мира по программированию среди сборных команд высших учебных заведений проводится ACM, начиная с 1977 года. Общепризнано, что активность и успешность участия в чемпионате является объективным показателем интеллектуального компьютерного потенциала и общего уровня развития новых информационных технологий в вузах, регионах, странах.

Престижность этих соревнований подтверждается постоянным ростом количества команд, а также стремлением ведущих фирм и корпораций привлечь лучших из участников чемпионата в качестве своих сотрудников. Генеральным спонсором соревнований является корпорация IBM.

Схема организации чемпионата включает два этапа: региональный и финальный. Команды-победительницы региональных групп выходят в финал и разыгрывают звания чемпионов мира, Европы, Северной Америки и других континентов.

Казахстан принимает участие в такого рода международном состязании четвертый раз. В соответствии с принятым региональным разделением мира Казахстан включен в полуфинальный северо-восточный регион соревнований с центром в г. Санкт-Петербурге.

Вузы Казахстана посылают на чемпионат самых ярких и талантливых студентов. Это самое честное интеллектуальное соперничество. Здесь самый честный интеллектуальный судья, который моментально отражает ход соревнования на табло.

КазНУ в 2003 году получил статус базового вуза, который проводит это мероприятие, поскольку имеет требуемое материальное обеспечение. Фактически участвовали 108 команд из вузов различных регионов (гг. Астана, Алматы, Шымкент, Караганда, Атырау, Усть-Каменогорск, Петропавловск, Семей, Рудный и др.), всего было представлено 324 участника из 17 городов Казахстана.

Соревнования проводились в режиме "онлайн" в компьютерных классах мехмата, стартовав в 13.00 местного времени, синхронно с аналогичным соревнованием в Санкт-Петербурге, и продолжались в течение 5 часов. Участникам были представлены 11 задач, официальный язык соревнований был английский. Соревнования прошли в спокойной и деловой обстановке, участники проявили высокую заинтересованность в данном чемпионате и целеустремленность к победе.

Поскольку соревнование проводилось в режиме реального времени через Интернет, команды-победительницы определились сразу же после истечения времени соревнований и в торжественной обстановке получили заслуженные награды. Первое место завоевала команда КазНУ им. аль-Фараби. Второе место заняла команда КазНТУ им. К. Сатпаева. Третье место досталось команде Казахстанско-Британского университета.

Надо отметить, что по сравнению с прошлыми годами участников стало больше и результативность нынешних соревнований была выше. Это свидетельствует о том, что подготовка в области информатики в вузах страны стала лучше. В десятке лучших – команды КазНУ, КазНТУ, КБТУ, университета им. Сулеймана Демиреля, КарГТУ. Хорошие показатели имеют команды вузов Караганды, Астаны, Атырау, Петропавловска, Уральска, Рудного.

Полуфинальный тур Чемпионата мира по программированию состоится в Санкт-Петербурге и Ташкенте в конце ноября нынешнего года.

**Пресс-служба КазНУ**

■ *Международный проект*

# ТОП-МЕНЕДЖЕРЫ УСПЕШНО СДАЛИ ЭКЗАМЕН

***16 ноября 2006 года в Казахском национальном университете им. аль-Фараби состоялась торжественная церемония вручения международных сертификатов слушателям Казахстанско-Германских экономических курсов повышения квалификации руководящих работников и менеджеров Республики Казахстан.***



КазНУ им. аль-Фараби осуществляет данный проект совместно с Министерством экономики и бюджетного планирования Республики Казахстан, Международной профессиональной академией "Туран-Профи" и Уральским государственным университетом им. М. Утемисова в рамках подготовки кадров для реализации Стратегии индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 гг. и Совместного заявления правительств Республики Казахстан и Федеративной Республики Германии о сотрудничестве в области подготовки руководящих работников в сфере экономики (от 4 декабря 2003 г.).

Главная задача проекта – подготовить 600 менеджеров, маркетологов, финансистов, которые хорошо разбирались бы в современной экономике, современном бизнесе и которые смогут самостоятельно работать и приносить себе и обществу пользу.

Это уникальный по масштабам образовательный проект, в котором свыше 200 слушателей дневного, вечернего и заочного отделения (по южному региону) в течение 5-ти месяцев обучаются лучшими преподавателями экономики, немецкого языка и тренерами практических курсов. Сертификаты международного образца вручены слушателям, успешно овладевшим учебной программой и прошедшим главный экзамен – защиту собственных бизнес-проектов. В числе обладателей сертификатов – топ-менеджеры казахстанских предприятий и организаций, руководители среднего управленческого звена. Кроме того, лучшие из бизнес-проектов были рекомендованы к собеседованию с представителями международной организации InWEnt, являющейся партнером проекта с немецкой стороны. Собеседование-отбор определит 20 лучших выпускников проекта, которым немецкая сторона профинансирует 3-месячную стажировку на предприятиях Федеративной Республики Германии, представляющих интерес для казахстанских предпринимателей.

Нужно отметить, что в этом году немецкое общество InWEnt, которое ведет аналогичные программы в России и на Украине, проявляет больше интереса к Казахстану, поскольку эта программа оказалась более привлекательной для динамично развивающейся казахстанской экономики и дала конкретные ощутимые результаты. Один только постпрограммный fallow up-семинар показал, как успешно работают сегодня наши выпускники- "казгеровцы". По предварительным данным прошлого года они заключили договоры с предприятиями Германии и получили промышленного оборудования на 18 миллионов евро. Такие убедительные результаты международного сотрудничества позволяют сказать, что выпускники этой программы взаимовыгодно и плодотворно работают с предприятиями Германии.

**Пресс-служба КазНУ**

# Бас жаңалық – «АЛТЫН САПА» БАҚ назарында

егемен Қазақстан



*Кеше Конгресс-Холлда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өнеркәсіп саласында жоғары көрсеткіштерге қол жет-кіз-ген отандық кәсіпорындар мен ұйымдарға Қазақстан Республикасы Президентінің “Сапа саласындағы жетістіктері үшін” сыйлығын тапсыру және “Алтын сапа” конкурс-көрмесінің дипломант-тарын марапаттау рәсімі болып өтті.*

## Сапалы өнімге берілген ЛАЙЫҚТЫ БАҒА

Халықаралық бәсекелестік жағ-дайында елімізде өндірілетін өнім-дердің сапасы бірінші кезекті маңызға ие болып отыр, деп атап көрсетті Елбасы жеңімпаздарға сыйлықтарды табыс етер алдында сөйлеген құт-тықтау сөзінде. Қазақ-стан нарықтық экономикалы ел ретінде танылған мемлекетке айналды. Дегенмен, қол жеткен табыстарға тоқмейілсіп, бір орында тұрып қалуға болмайды, сондықтан алдымызға әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу міндеті қойылып отыр. Осы өскелең міндетті жүзеге асыру жолында қыруар істер тындыру қажет. Шындығына келгенде, бұл – осыған дейінгі табыстардан да күрделі мәселе.

Қазақстан шағын мемлекет, деп жалғады өз ойын Нұрсұлтан Әбішұлы, сол себепті ішкі рынокты толтыру онша қиынға түспейді. Халықаралық рыноктарға шығу қажеттілігінің туындайтыны да сон-дықтан. Ал халықаралық рынокқа шығу үшін сапалы тауар қажет және жоғары сапалы өнімдер өнді-ретін салалар білікті мамандармен қамтамасыз етілуге тиіс. Сонда ғана белгілі бір нәтижелерге қол жет-кізетінімізге сенім артуға болады. Елімізде жүзеге асырылып жатқан Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы да дәл осы мақсаттар-ды көздейді.

Елбасы Президент тағайын-даған сыйлық-тардың сапалы өнім шығаруға ынталандыру мақсат-тарынан туындағанын айта келіп, бұл сыйлықты алғандардың бір салық жылы ішінде корпоративтік табыс салығынан 50 пайыздық же-ңілдікке ие болатынын және екі жыл бойына сыйлық эмблема-ларын жарнамалық мақсаттар үшін пайдалана алатындарын ерекше атап көрсетті. Озық көрсеткіш-терге жеткен өндірісшілерді, қызмет көр-сетушілерді марапат-тау тәжірибесі әлемнің 40-қа жуық елінде бар екен. Сөз соңында Елбасы жиналғандарды қараша айының екінші бейсенбісінде аталып өтетін Халық-аралық сапа күнімен құттықтады.

Сонымен, “Сапа саласындағы же-тістіктері үшін” сыйлығына Ақтау шыны талшықты құбыр зауы-ты, “Балқаштүстіметалл” өнді-рістік бірлестігі, “Беккер и К” БК” жауапкершілігі шектеулі кәсіпорны, “Эл-Джи Электроникс Алматы Қазақстан” АҚ және Әл-Фараби атын-дағы Қазақ ұлттық универ-ситеті ие болды.

Ал “Алтын сапа” конкурс-көрмесінің жеңімпаздары болып “Казцентрэлектропровод” ЖШС, “Белкамит” БК АҚ, “Apple City Build” ЖШС, “Үркер Косметик” АҚ, “Цесна-Астық” ЖШС, “Роди-на” агрофирмасы, “Рахат” АҚ және “Ажар” Талдықорған фабрикасы” ЖШС танылды.

Жеңімпаздарға арналып шағын концерт қойылды.

*10. 11. 2006*

Казахстанская правда

***Вчера в Астане завершился конкурс на соискание премии Президента РК «За достижения в области качества», финишировала и республиканская выставка «Алтын сапа». Глава государства Нурсултан Назарбаев принял участие в церемонии награждения лауреатов премии и дипломантов республиканского конкурса-выставки. Президент поздравил участников конкурса с Международным днем качества. Фото Сергея Бондаренко, Болатбека Отарбаева***

## «Алтын сапа» — гарантия успеха

— Мы выбрали путь построения инновационной экономики и поставили стратегическую задачу — войти в число пятидесяти наиболее конкурентоспособных стран мира. Но решение этой задачи требует диверсификации экономики, внедрения новых технологий на производствах, выпуска конкурентоспособной и качественной продукции. Для этого мы реализуем Стратегию индустриально-инновационного развития и нацелены на перевод всех отраслей экономики на международные стандарты качества. Фонд развития малого предпринимательства осуществляет льготное кредитование при внедрении стандартов качества. Для предприятий агропромышленного комплекса предусмотрено безвозмездное субсидирование затрат по внедрению международных стандартов. Реализация намеченных планов требует огромных усилий отечественных производителей. Нам нужны новые казахстанские бренды и отечественная продукция, востребованная на мировых рынках. С целью стимулирования этих процессов в этом году впервые проведен конкурс-выставка «Алтын сапа» и учреждена премия «За достижения в области качества». Отмечу, что подобные премии присуждаются более чем в сорока странах мира. Посмотрев выставку, на которой представлено более 90 победителей региональных конкурсов, я убедился, что наш товаропроизводитель может выпускать качественную продукцию. Сегодня мы подвели итоги этих конкурсов и определили победителей. Теперь они станут известными и узнаваемыми. Знак качества этих конкурсов будет использоваться предприятиями в маркетинговых целях, — сказал Нурсултан Назарбаев, выступая на церемонии.

Премию Президента РК «За достижения в области качества» получили ТОО «Актауский завод стекловолокнистых труб», ПО «Балхашцветмет», СП «ТОО «Беккер и К», АО «Эл Джи Электроникс Алматы Казахстан», РГП «Казахский национальный университет имени Аль-Фараби». Указ «О конкурсе на соискание премии Президента Республики Казахстан «За достижения в области качества» и республиканском конкурсе-выставке «Алтын сапа» был подписан Главой государства в октябре текущего года.

Премия присуждается ежегодно на конкурсной основе за достижение организацией значительных результатов в области качества продукции или услуг, обеспечения их безопасности, а также за внедрение товаропроизводителем высокоэффективных методов управления качеством. Комиссия по присуждению званий лауреатов премии и званий дипломантов республиканского конкурса-выставки присуждает премии по двум категориям в трех номинациях: «Лучшее предприятие производственного назначения», «Лучшее предприятие, выпускающее товары для населения», «Лучшее предприятие, оказывающее услуги». По каждой номинации вручаются две премии по двум категориям: субъект малого и среднего предпринимательства; субъект крупного предпринимательства.

Награды победители получили из рук Главы государства Нурсултана Назарбаева. А песня об Астане в исполнении Алтынай Жорабаевой стала финальным аккордом концерта отечественной эстрады, которым подведен итог трехдневному празднику изобилия и качества в столице.

На выставке было представлено более 90 победителей региональных конкурсов, работающих в таких отраслях, как строительство, легкая промышленность, машиностроение, топливно-энергетический комплекс, продукты питания и напитки, тара и упаковка.

Глава государства призвал казахстанцев покупать отечественные товары. Ведь и медики утверждают, что надо потреблять продукты, произведенные или выращенные в той стране, где родился, питаться тем, что ели предки. Касательно промышленных товаров было замечено, что, приобретая отечественные, мы поддерживаем своего товаропроизводителя. В условиях огромной территориальной страны с небольшим населением мы сможем быстро насытить внутренний рынок, но уже сейчас нужно стремиться к тому, чтобы вывозить товары за пределы республики и продавать их в мировом торговом пространстве. Необходимо добиться, чтобы нам открылись рынки, поэтому конкуренция товаров, знаний, образования выходит на первое место.

Для реализации намеченных целей надо диверсифицировать экономику, внедрять новые технологии и выпускать конкурентоспособную качественную продукцию. Именно на это нацелена Стратегия индустриально-инновационного развития Казахстана до 2015 года.

***Дулат МОЛДАБАЕВ***
*10. 11. 2006*

егемен Қазақстан

19-21 қарашада Кувейтте Ислам Конференциясы Ұйымына (ИКҰ) қарасты білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Ислам ұйымының (ИСЕСКО) жоғары білім беру саласы бойынша 3-ші сессиясы өтті. 56 мұсылман елдерінің өкілдері қатысқан бұл алқалы жиынның мақсаты – мұсылман елдері арасынан 20 университетті іріктеп, әлемге танымал жоғарғы оқу орындарының санатына қосу.

ИСЕСКО бас хатшысы Әбдел Әзиз ат-Туэйгримен кездесу барысында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірінші проректоры Зұлхайыр Мансұров жақында “Алтын сапа” жүлдесіне ие болған Қазақстанның осы қарашаңырақ білім ордасының жетістіктерімен кеңінен таныстырды. З.Мансұров өз сөзінде ҚазҰУ мұсылман елдерінің жетекші университеттерінің бірі екенін атап өтті.

Әбдел Әзиз ат-Туэйгри қазақ тарапының ұсынысына қолдау білдіріп, 2007 жылы Қазақстанға ресми сапармен келетіндігін айтты.

Кувейт Әмірі шейх Сабах әл-Ахмад қазақ делегациясын қабылдады. Сондай-ақ, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірінші проректоры З.Мансұров пен Қазақ-Британ техникалық университетінің халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры Ә.Ахметов Кувейт жоғары білім беру министрі Әділ ат-Табтабағимен кездесіп, екі елдің университеттері арасында тығыз байланыстар орнатуға келісті.

Атырау мемлекеттік университетінің оқытушысы София сағындықова ИСЕСКО-ның 2006 жылғы биология ғылымы саласындағы бас жүлдесінің иегері атанды. Ғалым әйелге бұл жүлдені кувейттің Премьер-министрі шейх Насер әл-Мұхаммед ас-Сабах табыс етті, деп хабарлады Сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі.

*24.11.2006*

■ *Конференция*

***17 ноября 2006 года в КазНУ в рамках выполнения фундаментального исследования по теме "Парламентаризм в Казахстане: история, современность, перспективы развития" прошла Международная научно-практическая конференция "Теоретические и конституционно-правовые проблемы парламентаризма в Республике Казахстан". Организаторами конференции выступили кафедра теории и истории государства и права и кафедра конституционного и административного права юридического факультета.***

# СОЮЗ НАУКИ И ПРАКТИКИ

Целью проведения конференции было поставлено исследование правовых и организационных проблем политических реформ в Республике Казахстан, рассмотрение теоретических и практических проблем развития парламентаризма в Казахстане.

Пленарное заседание открыл проректор по общим и производственно-хозяйственным вопросам профессор С.Т. Шалгымбаев. Он поприветствовал высоких гостей и участников конференции, пожелал интересной и плодотворной работы.

Далее вступительное слово было предоставлено декану юридического факультета, д.ю.н., профессору Д.Л. Байдельдинову. В своей речи он отметил общие пути развития парламентаризма в Казахстане, проблемы законотворчества и качества принимаемых законов. Также Даулет Лаикович выразил надежду, что в процессе проведения данной конференции будут выработаны некоторые пути решения наболевших проблем.

На пленарном заседании с докладами выступили видные казахстанские ученые: академик НАН РК, д.ю.н., профессор С.С. Сартаев; академик НАН РК, д.ю.н., профессор М.Т. Баймаханов; д.ю.н., профессор В.А. Ким; академик НАН РК, д.ю.н., профессор С.Н. Сабикенов; д.ю.н., профессор З.Ж. Кенжалиев; д.ю.н., профессор А.С. Ибраева.

Зарубежные научные организации представили: д.ю.н., профессор Г.А. Мукамбаева (г. Бишкек, Кыргызская Республика), д.ю.н., профессор О. Мухамеджанов (г. Ташкент, Республика Узбекистан), к.полит.н., доцент И.Р. Султанов (г. Уфа, Республика Башкортостан, Российская Федерация). Помимо представителей науки в работе конференции приняли участие депутаты Мажилиса Парламента Республики Казахстан: К. Сагадиев – председатель комитета по финансам и бюджету, С. Ибрагимов – член комитета по экономической реформе и региональному развитию, В. Нехорошев – член комитета по вопросам экологии и природопользованию.

В ходе конференции были рассмотрены вопросы конституционно-правового развития парламентаризма в РК и странах СНГ и конституционного реформирования деятельности Парламента РК, были исследованы правовые механизмы стабильного развития Республики Казахстан в сопоставлении с мировым опытом, определены факторы, влияющие на развитие парламентаризма в РК. Также обсуждались роблемные вопросы совершенствования структуры и полномочий Парламента Республики Казахстан, был дан анализ политико-правовой природы Парламента, особое внимание было уделено культуре и этике законодательной власти.

Успеху проведения данного мероприятия способствовала оперативная публикация материалов конференции до ее начала. Участники были приятно удивлены, получив вместе с традиционными сувенирами солидный том – сборник материалов конференции.

По результатам работы участники сформулировали рекомендации конференции, на которых остановлюсь подробнее. В настоящее время назрела необходимость повышения роли Парламента в общественной жизни, существует объективная необходимость повышения количества депутатов в Мажилисе Парламента Республики Казахстан, так как конституционное развитие на этапе переходного периода характеризуется высокой степенью мобильности и динамичности всех сфер общественной жизни.



Перспективы развития парламентаризма в Казахстане необходимо изучать как процесс созревания и накопления высшим представительным органом государства качеств и свойств, присущих именно законодательной ветви власти. Эти перспективы, как показала реальная политическая практика, вполне осуществимы в сложный транзитный период состояния казахстанского общества при совмещении их с президентской формой правления.

В рекомендациях отмечено, что профессионализация депутатской деятельности, овладение Парламентом всеми полномочиями – основа для того, чтобы снимать предубеждения относительно ограниченности полномочий законодательной власти за счет расширения полномочий исполнительной. Эффективность парламентаризма в условиях президентской республики заключается в том, чтобы Парламент качественно и в полном объеме осуществлял свои полномочия. Для эффективного действия парламента целесообразно создание специальной координационной комиссии, деятельность которой заключалась бы в рассмотрении законодательных инициатив и выработке рекомендаций по организации работы над законопроектами. Данная комиссия могла бы осуществлять подготовку предложений по формированию блоков законопроектов, сходных по предмету регулирования, в целях единовременного их рассмотрения Мажилисом и организации экспертизы законопроектов в целях установления их соответствия Конституции РК, приоритетности принятия законов, их соотношения с нормативными правовыми актами в той или иной сфере правового регулирования.

Не осталась без внимания ученых и необходимость укрепления системы сдержек и противовесов, направленной на обеспечение баланса между ветвями государственной власти. Это один из ключевых вопросов в рамках политической реформы. Здесь речь идет, прежде всего, об усилении роли Парламента и обеспечении большей независимости судебной системы. Было бы целесообразно увеличить полномочия Мажилиса и Сената в формировании других конституционных органов, включая Правительство, еще раз проработать вопрос о механизмах формирования судебной системы.

Проблема, которая остро нуждается в решении – оптимальное перераспределение властных полномочий между центральными и местными исполнительными органами, с одной стороны, с другой – между системой местного государственного управления и системой местного самоуправления. Важно обеспечение разумного баланса между центром и регионами в вопросе передачи части полномочий от местных властей органам местного самоуправления

Стратегическое значение имеет обеспечение эффективности, прозрачности и открытости в деятельности государственных органов. Приоритетом должна стать реализация административной реформы, направленной на совершенствование системы управления в стране, а также увеличение количества выборных институтов, совершенствование выборного законодательства. Для проведения реформы политической необходимо концептуально определиться по модели политической системы страны, выработать системную и осмысленную программу политических реформ, в которой будет изложена эта модель.

В целях развития парламентаризма в конституционном праве полагаем необходимым обоснование самостоятельности парламентского права как совокупности правовых норм и принципов в общей системе казахстанского права, регламентирующих внутреннее устройство Парламента, как высшего законодательного органа страны и связанных с ним организационно-правовых отношений, сам процесс деятельности парламента, а также взаимоотношения парламента с иными государственными органами власти, избирательным комплексом и аналогичными органами иностранных государств (Международное межпарламентское сотрудничество).

**Салтанат ЕСЕТОВА,**
***старший преподаватель кафедры теории и истории государства и права***

■ *Методическая работа*

**11 октября 2006 года состоялся учебно-методический семинар для преподавателей юридического факультета "Проблемы использования интерактивных методов обучения юридическим дисциплинам в условиях кредитной технологии". Организаторами семинара выступили деканат и методическое бюро юридического факультета, а ответственными за его проведение – члены кафедры теории и истории государства и права. В работе семинара приняли участие преподаватели юридического факультета, а также начальник методического отдела Б.Х. Сеитов, начальник учебного отдела А.М. Байдильдина, начальник отдела тестирования Г.С. Минажева, ученый секретарь УМО Г.Н. Паршина, декан географического факультета, д.г.н. В.Г. Сальников.**

# ИНТЕРАКТИВ: ИГРЫ, ДИСПУТЫ, МОЗГОВОЙ ШТУРМ



**А.С. ИБРАЕВА,**
***заведующая кафедрой теории и истории государства и права, д.ю.н., профессор***

Семинар открыл декан юридического факультета, д.ю.н., профессор Д.Л. Байдельдинов. Мне как заведующей кафедрой довелось выступить с основным докладом о понятии и видах интерактивных методов обучения, их использовании в подготовке юристов в условиях кредитной системы обучения. В докладе прозвучали советы преподавателям, овладевающим интерактивным методом как активно-деятельностным способом (типом) обучения: будьте подготовленными, артистичными, завладейте вниманием участников с самого начала, объясняйте доступно, соблюдайте временные рамки, планируйте последующие шаги. В результате была предложена формула хорошего преподавателя: он отлично владеет предметом, умеет слушать других, дает людям возможность учиться путем активного участия, проявляет энтузиазм, легко адаптируется к изменяющимся потребностям, проявляет гибкость, быстро учится, любит помогать, обладает духом добровольца, страстно любит тему, по которой проводит семинар, проявляет участие и внимание, дает точные установки.

Также мною предложено воссоздать в КазНУ на базе юридического факультета юридическую клинику. Создание Legal Cliniks преследует две основные цели: учебную и благотворительную. Юридическая студенческая клиника является одной из форм приближения юридической теории к практике, где студенты старших курсов юридического факультета могут апробировать свои теоретические знания при решении практических проблем, развить навыки организации и ведения юридической работы.

Клиническое образование как элемент подготовки специалистов различных профессий существует достаточно давно. Анализ социального состояния показывает, что значительная часть населения не в состоянии обратиться за платной юридической помощью к специалистам. Поэтому деятельность студенческой юридической клиники является на сегодняшний день актуальной и своевременной и направлена на оказание безвозмездной юридической помощи социально незащищенным слоям населения г. Алматы по вопросам социального обеспечения, гражданскому, жилищному, трудовому, семейному, земельному и налоговому праву. Ключевым блоком деятельности юридической клиники является широкое вовлечение студентов-юристов в круг решения правовых вопросов.

Применение интерактивных методов – это, прежде всего, совместная работа студентов по решению правовых проблем. В настоящее время разработано несколько форм групповой работы. Суть работы группы всегда одна – совместный анализ и поиск общего решения задачи. Использование разных вариантов групповой работы развивает способность студентов активизировать мысль и память, умение применять теоретические знания на практике. Преподаватели кафедры теории и истории государства и права Д.А. Турсынкулова, А.Б. Сманова, С.К. Есетова, Н.С. Туякбаева ознакомили слушателей с различными интерактивными методами, которые они применяют на своих занятиях, и продемонстрировали собравшимся некоторые из них.

По итогам методического семинара были предложены рекомендации и предложения по совершенствованию учебного процесса на юридическом факультете, в частности шире внедрять интерактивные методы обучения в преподавание прикладных юридических дисциплин, таких, как уголовное право, гражданское право, процессуальное право, семейное право, а также разработать на кафедрах методические пособия по использованию интерактивных методов. Что касается организации юридической клиники для оказания безвозмездных юридических услуг социально незащищенным слоям населения г. Алматы, то принято предложение подготовить учредительные документы для создания Legal Cliniks как структурного подразделения юридического факультета и решить вопрос об ее обеспечении всеми необходимыми материально-техническими средствами.

По окончании семинара декан факультета профессор Д.Л. Байдельдинов поблагодарил участников и организаторов семинара и выразил надежду, что такие мероприятия станут традицией.

■ *Конгресс*

***8-10 қараша күндері Астанада ҚР кәсіподақтар федерациясы мен ҚР Президенті жанындағы отбасы және гендерлік саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның ұйымдастыруымен Қазақстан еңбекші әйелдерінің Конгресі өткендігі белгілі. Еліміздің түкпір-түкпірінен экономиканың әр саласында түрлі деңгейде қызмет істеп жүрген 400-ден астам өкіл қатысқан бұл басқосуға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дан Гендерлік білім беру орталығының жетекшісі, Әйелдер кеңесінің төрайымы, оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі проректор Ахметова Гүлнәз Кенжетайқызы, "Парасат" кәсіподағының төрайымы Мұқашева Мәншүк Тынышқалиқызы қатысып қайтты.***

***Конгресс мақсаты – еңбекші әйелдердің қазақстандық қоғамды, экономика мен әлеуметтік саланы дамытуға қосып келе жатқан зор үлесіне баға беру, әлеуметтік-еңбек қарым-қатынастары саласында қызмет ететін әйелдер мәселесін талқылау және олардың құқықтарының қорғалуына кепілдікті қамтамасыз ету болып табылады.***

# ӘЙЕЛДЕР БЕЛСЕНДІЛІГІ МЕМЛЕКЕТ НАЗАРЫНДА

Конгресте Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың құттықтау хаты оқылып, ҚР кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сиязбек Мұқашев пен Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы отбасы және гендерлік саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның төрайымы Айткүл Самақова баяндама жасады. Бұл маңызы зор шараға еліміздің еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Гүлжан Қарағұсова, Білім және ғылым министрі Бірғаным Әйтімова, Әділет министрі Зағипа Балиева, Денсаулық сақтау министрі Анатолий Дерновой, Парламент мәжілісінің депутаттары Елена Тарасенко, Валерий Котович, Республикалық "Отан" саяси партиясы саяси кеңесінің мүшесі Валерьян Землянов қатысты. Сонымен қатар, алқалы отырыс жұмысына БҰҰ, ЕҚЫҰ, ЮНИСЕФ, Халықаралық еңбек ұйымы, ҚХР Шыңжаң автономиялық ауданы кәсіподағы мен Ресей Федерациясы Саха Республикасынан өкілдер қатысты. Конгресс үш секция бойынша жұмыс істеді: Еңбеккер әйелдер және азаматтық қоғамның дамуы, Әйелдер және Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-еңбек қатынастары, Әйел-еңбекші: отбасын, аналарды және балаларды қорғау. Жиын соңында конгреске қатысушылардың атынан арнайы Қарар қабылданды. Нәзік жандылар мәселесін бүгінгі демократиялық қоғам талаптары тұрғысынан талқылаған бас қосу жөнінде конгресс жұмысына арнайы барып қатысып қайтқан ҚазҰУ "Парасат" кәсіподағының төрайымы Мәншүк Мұқашева "Онда еңбеккер әйелдерді әлеуметтік жағынан қорғау, медициналық және мәдени құндылықтармен қамтамсыз ету мәселелері кеңінен сөз болды. Көптеген мәселелер жан-жақты талқыланып, Үкімет пен Парламенттің алдына нақты талаптар қойылды, соның жүзеге асуын күтеміз",- дейді.



Конгреске қатысушылар Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа Үндеу жолдады. Үндеуде бас қосу делегаттары Елбасыға Қазақстанда Отбасы жылын жариялау туралы ұсыныс тастаған. Сондай-ақ, ел Президентінен ТМД мемлекет басшылары Кеңесінің төрағасы ретінде, әйелдер теңсіздігінің барлық түрін жоюға байланысты күшті біріктіру мақсатында Кеңес жұмысы барысында әйелдердің Еуразиялық Ассамблеясын құру жөнінде бастама көтеруді өтінген.

**Шынар ӨСКЕМБАЕВА**

P.S. ***Елордада өткен Қазақстан еңбекші әйелдерінің Конгресінде "Парасат" кәсіподағының төрайымы М.Т.Мұқашева "Адал еңбегі мен білімді дамытудағы үлесі және оқу-тәрбиелеу процесін жетілдіру мен қоғамдық өмірдегі белсенділігі үшін" Қазақстан Республикасы кәсіподақтары Федерациясының Құрмет грамотасымен марапатталды.***

■ *Байқау*

## "МЕНІҢ СТУДЕНТТІК ШАҒЫМ"

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да "Мемлекеттік тіл — менің тілім" фестивалі аясында Тәуелсіздіктің 15 жылдығына орай "Менің студенттік шағым" байқауы өткізілді. Бұл дәстүрлі байқау биыл 2006 жылдың 23-қарашасында механика-математика факультетінің акт залында өтті. Байқаудың мақсаты – университетте мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін байқап, бағалау болатын. Байқауға университетіміздің барлық 13 факультеті мен колледжінен мемлекеттік тілді жетік меңгерген студенттер қатысты. Байқау ережесіне сәйкес әр факультетке студенттік өмірге байланысты жеребе арқылы түрлі тақырыптар беріліп, сол тақырып бойынша олар әдеби-музыкалық қойылым қойып, бәйгеге түсті. Университеттік деңгейде өткен бұл шараны тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Н. О. Омашев өзі ашып, факультеттер басшылығы, оқытушылар және әр факультеттен келген студенттер көрермен ретінде қатысты.

Тіл және тәрбие саласы бөлімдерінің жетекшілерінен тағайындалған қазылар алқасы қатысушылардың? тілді игеру деңгейіне, әртістік шеберлігіне, қойылым тақырыбының ашылуына назар аудара отырып, төрелігін жүргізді. Нәтижесінде қазылар алқасының қорытындысы бойынша **І орын** халықаралық қатынастар факультеті мен физика факультетіне берілді. **ІІ орын** — заң факультеті мен химия факультетінің еншісінде болды. **ІІІ орынды** байқауға алғашқы рет қатысқан университет колледжі иеленді. Жүлделі орынға ие болған бұл факультет командаларына мақтау қағаздары мен ақшалай сыйлық тапсырылды. Сонымен қатар, байқау барысында тілді игеруі және әртістік шеберлігімен ерекше көзге түсіп, белсенділік танытқан әрбір факультеттен жеке студентке де алғыс қағаздары мен жүлделер тапсырылды.

**Тілдерді дамыту бөлімі**

■ *Мерейтой*

## ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНА - 15 ЖЫЛ

Академик Т.Т. Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығына 15 жыл. Ұлттық тәлім-тәрбие қауымдастығы 15 жылдың ішінде ұлттық психология мен педагогиканың өзекті мәселелерін зерттеумен айналысты. Мұнда алғашқы күндерден бастап қалалық әдіснамалық семинар жұмыс істей бастады. Онда ұлттық тәлім-тәрбиенің әр түрлі психологиялық-педагогикалық мәселелері талқыланып отырды. Осы жылдардың ішінде мыңдай ғылыми семинар 100-ден аса рет ұйымдастырылды. Осы кездерден бастап этнопсихология мен этнопедагогиканың республикалық, халықаралық және мемлекетаралық конференциясы бой көрсете бастады. Атап айтқанда осы жылдар ішінде 3 халықаралық, 2 мемлекетаралық, 6 республикалық ғылыми-теориялық конференциялар өткізілді. 2000 жылы академик Т.Т.Тәжібаевтың 90 жылдығына үлкен дайындықтың нәтижесінде кең көлемде конференция өткізілді. Сол кезден бастап академик Т.Т.Тәжібаевтың туған күні 23 ақпанда "Тәжібаев оқулары" атты конференция жыл сайын өткізіліп тұрады. Осы конференцияның материалдары 15 том болып шықты. Ал онда этнопсихология мен этнопедагогикалық 1000-нан астам ғылыми мақала жарияланды.

Жақында қауымдастықтың 15 жылдығына арналған дөңгелек үстел болып өтті. Шарада орталық директоры, профессор Қ.Б.Жарықбаев тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда психологиялық салада жүргізілген ғылыми зерттеулер мен тәжірбиелік шаралар мен қазақ этнопедагогикасында 15 жыл бойы жүргізілген жұмыстар туралы мәлім етті. Сондай-ақ, бас қосуда қазақ этнопсихологиясы мен этнопедагогикасының методикасын жасаудың нәтижелері, "Мектептегі психология" журналының ұлт тәлім-тәрбиесін жандандырудағы рөлі туралы сөз болды. Осы мәселелер бойынша жарыс сөзде Өнер академиясының проректоры профессор Ұзақбаева, ҚызПедИнститутның профессоры С.Қалиев пен Әбиев, ҚазҰУ профессоры Түрікпенұлы мен Ж.Молдабеков және т.б. өз пікірлерін ортаға салды. Дөңгелек үстелдің қорытындысында ұлттық тәлім-тәрбиені әрімен қарай өрістету туралы шешім қабылданды.

**Л.Қ.ТАҢЖАРЫҚОВА**
***этникалық және педагогикалық психология кафедрасының аспиранты***

■ *Дайджест*

# Бас жаңалық – "АЛТЫН САПА"



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қазақстан Республикасы Президентінің биыл алғаш рет тағайындаған "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" атты маңызды сыйлығының лауреаты атанып, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың университет ректоры Төлеген Қожамқұловты марапаттағаны туралы ақпарат ел бұқаралық ақпарат құралдарының барлығында басты жаңалық ретінде жарияланды. ***"Хабар"*** мен ***"Қазақстан"*** телеарналары "Алтын сапаға" қол жеткізген еліміздегі тұңғыш университеттің ректоры Т.Ә.Қожамқұловтың сұхбатын сол күнгі ақпарат бағдарламаларынан көрсетсе, еліміздің аға басылымдары ***"Егемен Қазақстан"*** (10.11.2006) мен ***"Казахстанская правда"*** газеттері (10.11.2006) алғашқы беттерінде Елбасының университет ректорына сыйлық тапсырып тұрған сәтіндегі суретін беріп, марапаттау кеші туралы көлемді мақалалар жариялады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Т.Ә.Қожамқұловтың ***"Дала мен қала"*** апталығында (17.11.2006) "Тәуелсіздік тұғыры" бәйгесіне арналған "Ел және егемендік" атты үш беттік мақаласы басылды. Онда тәуелсіздіктің халқымыз үшін қаншалықты құнды, бағалы екендігі, Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың ел тәуелсіздігін баянды етудегі қарышты қадамдары туралы, сонымен қатар Орта Азия мемлекеттерінің көшбасшысына айналған Қазақстанның бүгінгі жетістіктері туралы дамыған мемлекет басшыларының пікірлері келтірілген.

ҚазҰУ өнерлі студенттерінің Ресей астанасы – Мәскеу қаласында концерт қойып, екі ел арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуға өз үлестерін қосып қайтқандығы туралы ақпарат ***"Қазақ әдебиеті"*** газетінде (10.11.2006), ***"Высшая школа и наука Казахстана"*** газетінің (15.11.2006) алғашқы бетінде жарияланып, ҚазҰУ студенттерінің Қызыл алаңда түскен суреті бірге берілді.

10 қараша күні "Шетелдік білім беру" Халықаралық көрмесінің аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да РФ Бас Консульдығы мен "Росзарубежцентр" өкілдігінің ұйымдастыруымен өткен дөңгелек үстел және Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында өткен халықаралық көрме туралы ақпарат ***Қазақ радиосы мен "Астана", "31-арна", "Алматы"*** телеарналарының жаңалықтарынан беріліп, ***"Казахстанская правда"*** газетінде (15.11.2006) "Дружат вузы" атты мақала жарияланды.

Бүгінгі күннің басты жаңалығы - ұлттық теңгеміздің жаңартылуы, жаңа дизайны мен ондағы белгілердің мән-маңызы туралы өз көзқарастарын тарих факультетінің деканы, профессор Ж.Қ.Таймағамбетов пен ҚазҰУ доценті Олег Борецкий ***"Казахстанская правда"*** (17.11.2006) газетіне жариялады.

17 қараша күні заң факультетінде өткен "Қазақстан Республикасындағы парламентаризмнің теориялық және конституциялық-құқықтық мәселелері" атты ғылыми-тәжірибелік конференция ***Қазақ радиосы мен "31-арна"*** ақпарат бағдарламаларынан эфирге жіберіліп, ***"Казахстанская правда"*** газетінде (21.11.2006) "От истоков к вершинам" деген атпен жарияланды.

Философия және саясаттану факультетінде өткен еліміздің тәуелсіздік жолындағы тарихи белес болған, Желтоқсан оқиғасының 20 жылдығына арналған "1986 жылғы желтоқсан оқиғасы: саясат, билік, тағдырлар" атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция ***Қазақ радиосынан, "Алматы", "Астана", "31-арна"*** жаңалықтарынан көрсетілді.

**ҚазҰУ Баспасөз қызметі**

■ *Жаңғырық*

# Желтоқсан – ұлы күрестер жалғасы ғана емес...



Өмір бір орында тұрмайды. Уақытпен бірге заман да өзгереді, яғни барлығы да басқа қалыпқа ауысады...

Сонау Сақ пен Ғұн заманында әлемді мойындатқан Еділ патшаның, Тұмар ханшайымдардың есімдері мен ерліктері әлімсақтан бері өз ұрпағына - өнеге,мақтаныш. Міне, осы батыр бабаларымыз бен бойына қасиет тұнған аналарымыздың ел үшін, жер үшін, ертеңгі ұрпақ болашағының жарқындығы үшін бастаған күресін кейінгі мұрагерлері өз заманы мен өмір заңына сай жалғап келді.

Қазақ хандығының негізін салған Керей мен Жәнібектің өнегелі ісін жалғаған Есім, Қасым, Әз Тәуке, Абылай хандар дала фәлсәфасын терең меңгерудің арқасында ел билеуде асқан көрегендік танытты. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай батырлардың қаймана қазақ халқы үшін күресте қабырғалары қайыспады. "Қара қазан, сары бала қамы үшін" қылыш сермеген Исатай мен Махамбет – ұлт-азаттық күрестің қаһармандары. Ұлы Отан соғысында да қазақ жауынгерлері ұлтын қорғап, бораған оқтың астына аттанды. Қарап отырсақ, барлығы да өздері өмір сүрген заманға сай әр түрлі ерлік жасады. Бірақ, олардың арасындағы алтын жіпті сабақтастық, ?лы күрестер мақсаты біреу, ол – туған топырақты, ұлтты, оның ділі мен дінін сақтап қалу.

Жүрегіне батыр бабаларымыздың рухы дарыған жастарымыздың да 1986 жылы елінің азаттықпенен қауышу арманы үшін туған елін туған ата баба ұрпағының нұрлы жолымен жетелеуін сол кездегі солақай саясаттан талап етіп, өр мінез, намысқойлық танытуы да, сол – сол, ұлы күрестердің жалғасы, жаңғырығы.

*Күнәдан таза басым бар*
*Жиырма бірде жасым бар*
*Қасқалдақтай қаным бар*
*Бозторғайдай жаным бар,*

- деген өр Қайраттың аузымен айтылған жалынды жолдар Желтоқсан жастарының жүрек үні емес пе?! Жұдырықтай жүрегі "халқым" деп соққан жастар ұлы күрес жолында қыршынынан қиылды. Оқуын, денсаулығын, болашағын, өмірін құрбан етті. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: "Жастарды алаңға шығуға итермелеген Желтоқсандағы оқиға еліміздің тәуелсіздігінің жаршысы болды. Бұл оқиғаға ұлтшылдық сипатын беруге талпыныстар жасалды... Жастар бар болғаны әділеттілікті, теңдікті, тәуелсіздікті қалады", - деп, "Тәуелсіздік таңы" ескерткішінің ашылу салтанатында саяси баға беруі де тегіннен тегін емес.

Енді, міне, бабаларымыз бен 1986-ның жас қырандары аңсаған Тәуелсіздіктің ақ таңы атқанына биыл 15 жыл, жаңа қоғамға жол ашқан Желтоқсан көтерілісіне – 20 жыл. Тарихи ұлы бетбұрыс болған осынау елеулі екі оқиға да мемлекеттік деңгейде атап өтілетініне сеніміміз мол. Желтоқсан көтерілісінің жоқшысы болған М.Шахановша айтсақ, "Өлдіге саналған жыланның жыбырлап бас көтергеніндей ұлттық тіліміз, дініміз, діліміз өмірден өше, тарихтан көше бастағанда қалың қауымның ұзақ ұйқысынан сілкіне оянғандай дүр көтерілгенін, бұқаралық сипаты бірден аңғарылғанын, қозғалыстың ұйытқысы – ес тоқтатқан ересек және егделер емес, ерен жігерлі, озық ой-саналы, еркін іс-қимылды жастар болғандығын кім жоққа шығара алмақ"" Бір қынжылатыны, бүгінде Желтоқсан көтерілісі жайлы сөз қозғағанда көпшілігіміз темір таяқ, қысқа сапер күректің астына алынып, түйгіштеліп, тепкіленген, көк мұзға соққылай сүйретілген жастарды көз алдымызға елестетіп, оның саяси астарына үңілумен, кінәлілерді іздестірумен ғана шектелеміз. Әр жыл сайын тек 16-17-желтоқсан жақындаған шақта ғана оқиға мен қаһармандарды еске алып, "бұған кім кінәлі" деген жауыр болған сұрақты тағы да алға тарта, біреулердің беделін түсіру арқылы саяси ұпай жинағысы келетіндер де бар. Ал шындығында – ұлы күрестер жалғасын осындай жолмен саяси саудаға салудан ұтарымыз аз. Сондықтан, біз оларды оза шауып, арынын баса алмай құзға құлаған арғымақтар ретінде ғана бағаламай, ұлттық рух биігіне көтеруіміз қажет. Азаттыққа, тіл мен діннің жаңғыруына бастаған даңғыл жолды салуда құрбан болған Желтоқсан қаһармандарын өскелең ұрпаққа ес білгеннен насихаттап, оларды үлгі тұтарлықтай дәрежеге жеткізсек. Осы арқылы олардың бойына патриоттық дәнін сеуіп, жаһандану жағдайында бөгденің жетегінде кетпей, өз ұлтының тілі, діні мен ділін сүйіп, ардақтайтын, ұлттық мүддесін қызғыштай қоритын ұрпақ тәрбиелейтін идеологияны қалыптастырсақ нұр үстіне нұр емес пе?! Демек, біз солардың ерлік күресі үлесімен отан қорғаушылар тәрбиелеуге тиіспіз.

**Лаура БЕКБОЛАТҚЫЗЫ**
**Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ**

■ *Желтоқсан – 20*

# АҚҚАЗ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

*(Қазақы рух туралы мөлтек сыр)*

Таңы құлан иектеніп атқан, күні қызарып батқан жаймашуақ бағзы заманда, жер жәннаты болған көрікті мекенде Аққаз деген құс ғұмыр кешіпті. Қауырсыны аққудан бетер аппақ, дауысы бұлбұлдан асқан әсем екен. Жаратқан бар әдемілік пен әуезділікті сол құстың бойына дарытқан деседі. Барша құс атаулы оның мінсіз сұлулығы мен дара даусына, саялы бақты, саумал бұлақты атақонысына қызығыпты. Қай заманда да түлкінің қызылдығы өзіне сор болмап па еді?.Қанша тырысып бақса да, өзгелер Аққаздан аса алмапты. Күн өткен сайын құстардың қызғаныш сезімі жаулыққа ұласыпты. Ызадан бұлыққан олар ғажайып құстың кең заманын тар қылып, ұрпағын қардай тоздырмақ болады. Үнін өшіріп, қауырсынын қанға бояп, атақонысын айрандай аптап, күбідей күптеуді ниет етеді. Алдымен, саялы бағын өртке орандырады. Гүл жайнаған мекенінің күлге айналғанын көрген Аққаз одан бетер сайрай жөнеледі. Қасіретке толы даусы күн өткен сайын әсерлене түседі. Діттеген ойына жетпеген дұшпандары қимылдаған қыр асар деп қиғылық салады. Жан жақтан қара құрттай қаптап, түмсықтысы шоқып, қанаттысы қағып, бұла өскен даланың ерке құсын ханталапай қылады. Қауырсындары көкке ұшқан Аққаз күндізгі аптап ыстықта, түнгі суықта пана іздеп сабылады. Жан дауысы одан әрі үдей түседі. Шырылдаған үні қыр асып, құстардың мазасын алады. Асыл тектілікті күшпен жеңудің мүмкін еместігін түсінген дұшпандары айлаға көшеді. "Досың болайық, мекеніңді гүл жайнатып, ұрпағыңды бірге қанаттандырайық", - деп Аққаздың алдына келеді. Қанша тепкіні көрсе де, қаперсіз Аққаз күдік келтірмейді. Қарсы тұруға дәрмені де болмайды. Сөйтіп, бәрі бір шаңырақ астында тіршілік ете бастайды.

Күн артынан күн, жыл артынан жыл өтеді. Құстар берген сөзінен таяды. Аққаздың атақонысынан керегін пұлсыз беріп, күнсыз алады. Қастарының тәрбиесін көрген ұрпағы анасының дауысынан жаңылады. Шақырса келмейді, уақыт өте келе өзіне қарсы шыға бастайды. Аққаз сонда ғана құстардың бөз орнына сөз беріп, ішке тартқанын түсінеді. Бауырына басқан сары ауыз балапандарын қанаттандырып, атой салып, дұшпандарына қарсы шығады. Жаратқан жар болып, құдіретті даусының арқасында атамекенінің біраз бөлігін азат етеді. Бірақ, талай соққыны көрген құстың сазды үні құдіретінен айрыла бастайды. Аққаз атамекенін ұрпағына қалдырып, дауысының кешегі әуезділігін іздеп, сапарға аттанады.

Аққаз содан бері күн-түн демей әлем кезіп жүр деседі. Еш жерге қонақтап демін алмапты, бірде бір рет ән салмапты. Сондықтан, оны ешкім көрмепті. Дауысының құдіреті қайтып келгенде, Аққаз да атамекеніне оралады деседі.

**Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ**

□ *Кафедра*

## ҰЛТ БОЛАШАҒЫ – БАЛАҢЫЗДЫ ҚАЛАЙ ТӘРБИЕЛЕУДЕСІЗ?

**Еліміздің жүрегінен шыққан төл туындылардың бірі – бесік жыры. Ол жаңа туған нәрестенің алғаш тыңдайтын сазды әуені. Ән әуезі сәбиге тәтті ұйқы сыйлауымен қатар, балқытып жас балғынға әсем әсер беретіндей. Осы әуен желісінен бала өз ұлтының болмысбітімін, өнерін, мәдениетін түсініп, жанына серік ететіндей де болып көрінеді маған.**

Тарих беттерін парақтасаңыз, ата-бабаларымыздың елін, жерін сүйіп, отаншылдық қасиетпен қорғап-қоштағанын білеміз. Оларға осы қасиет үлкен буындардың әсерінен, үлкен тәрбиенің арқасында қонса керек.

Бүгінде осы тәрбие бар ма? Біздің жас буынымыз неден нәр алып, немен өсуде?

Ұрпаққа ұлттық негізде тәлім-тәрбие беру бағытында үлкен мінбелерде тұщымды, ойға қонымды мәселелер көтеріліп, мемлекеттік деңгейде көптеген игі істер атқарылып жүргені де рас. Алайда, дәл осыған байланысты атқарылып жатқан жұмыстырдың қандай деңгейде жүзеге асырылып жатқанынан беймәлімбіз.

Жас ұрпақтың жүрегіне халқымыздың рухани байлықтарын енгізуде отбасының рөлі мықты екендігінде дау жоқ шығар. Ал, осы тұрғысынан келгенде ата-ана өз міндетін абыройлы атқарып отыр ма?

"Баланы жастан..." демей ме атам қазақ. Қазіргі кезде бұл аталы сөздің маңызы қаншалықты деңгейде?

Бүгінде көпшілік ата-ана қызмет бабымен жүріп баланың есейіп, ер жеткенін де байқамай қалады. Сол есейген бала бесіктің мамығын сезінді ме? Қазір кейбір отбасындағы бүлдіршіндер тал бесіктің жылуын көрмей, "Әлди" әнін тыңдау олардың маңдайына жазылмай келеді. Демек, олардың алдағы өмірі де осы сипаттан аса қоймайды. Басты себеп, өмірдің жаңа ғана есігін ашқан сәбилердің ата-аналарының салт-дәстүрден хабары аздығынан, ұлттық сезімді сезінбейтіндігінен, қасиетті қағидаларға көз жұма қарайтындығынан. Өкінішті-ақ!

Бесік - әлемнің, қоршаған ортаның шағын макеті. Сызбасын қазақ деген дала сәулетшісі түзген. Қанша ғасыр өтсе де оның пошымын түзетемін деп ешкім де талпынбаса керек. Ал, бала жататын осы бір тылсым дүниені сазды әуеннің әуезін жырлай отырып тербететіндігінің себебі, ғалам мен тіршілік иесін ән арқылы байланыстырып, бірін-бірі ұға түсуге, тани білуге әсер етпек ниеті секілді. Бесік жырының құдіреттілігі де осында. Осындай баға жетпес байлықтан кенде қалуымыз – ашық күнде адасқандығымыз емес пе?!

Өз асылдарымыздан өзге, таным-түсінігімізге жат, радиодан, теледидардан үздіксіз берілетін даңғырлаған дыбыспен ер жететін балғындарымыздың жүрегі ертең "ұлтым" деп соқпайтыны белгілі ғой. Олар өз халқының рухани азығынан кенде қалып, өзгенің жылтырағына кіріптарлық танытады. Өзге дінге бет бұрып кететіндер де солардың арасынан шығады. Мұндай жағымсыз үрдіс бой танытқанда қолымыздан келер шарамыз болмай бармағымызды шайнайтынымыз анық. Жас ұрпақтың сонда бізге кінә тағып, өзінің өзгеден көш кейін қалғанын сезініп, "... Қолымды мезгілінен кеш серпедім..." демесіне кім кепіл?!

**Мөлдір МЫРЗАБЕКОВА,**
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, журналистика факультетінің 3-курс студенті**

**РЕДАКЦИЯДАН: Бұл "Кафедра" айдары сіздің мінбеңіз, құрметті оқырман! Ұлттық рух, мүдде тұрғысынан жазылған ой-талқыңызды ұсыныңыз...**

***17-қазан – Халықаралық студенттер күні. Көзге ілінбейтін, мереке екені түк те сезілмейтін күн. "Тойланбаса, тойланбасын, қайтейін, Той көрмей-ақ, сый көрмей-ақ өтейін", - деп, бір-бірін қолтықтай кино, кафеге, театрға сабылған жас өрендер… Әлбетте, бұл көрініс Әл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттеріне қатысты емес. Өйткені, студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдары дәл осы күнге орайластырып студенттер арасында аламан бәйге ұйымдастырып, көңілімізді бір көтеріп тастайды. Бұл - жыл сайынғы бұлжымас үрдіс. Осымен үшінші жыл қатарынан өтіп келе жатқан "Суперстудент" байқауының кезекті жеңімпазы дәл осы студенттер мерекесінде анықталды.***

# ҚазҰУ-дың супер студенті

Сәл шегініс жасасақ…Студенттер Сенаты мен "Сұңқар" кәсіподағынан құралған қазылар тобы сабанның арасынан ине іздегендей әр факультетті аралап жүріп, ақылы артық, өнерге жүйрік сайдың тасындай саңлақ студенттерді іріктеп алғанынан хабардар боларсыздар. 15-қарашада сол електен өткен кесек ойлы жастардың арасындағы жүзден жүйріктер іріктелді, яғни жартылай финал болды. Мұндағы басты шарт - әр студент өзін баптап қосқан факультеттерін таныстырып, өзінің алғырлығын дәлелдеп берілген архаизмдер мен неологизмдердің түсіндірмесін тапты һәм "Кім алғыр?" бөлімінде біліктілігін сайыстырды. Мынау нағыз қазақ жастары деп ауыз толтырып мақтанып айтуға тұратын студенттерді бағалаудың өзі қиын еді. Мәселен, сахнаға аяғы ілінер-ілінбестен дүйім жұртты сөзіне ұйытып, аузына балдай үймелете білген журналистика факультетінің майталманы Алғазы Мәуленнің әзіл әңгімелері қандай! Немесе:

*Өзіңмен қалсам кезігіп,*
*Саяси ашу туатын.*
*Екеуміз ғана сезініп,*
*Екеуміз ғана ұғатын.*
*Айтуым керек болса да,*
*Тиынды табу оңай ма?*
*Билік-ау, бізді қинамай,*
*Ақшасыз келсең болмай ма?* - деп, "Билік-аруға" үздіге тіл қатқан, "Оппозиция-жігіттің" бақталасы "Үкімет" – Нұрмұхамедтің "қиналысын" өте сәтті шықты деп бағалауға болады.



Бұл күнгі сайыста филология факультетінен Ниязбек Жарас, философия және саясаттану факультетінен Байғараев Нұрмұхамед, шығыстанудан Зядин Дінмұхамед, халықаралық қатынастардың дүлдүлі Рысдәулетова Гүлжанат, болашақ заңгер Айбекова Еңлік, тарих факультетінің студенті Сейітжан Кенжеғұл сынды алты студенттің жұлдызы оңынан туып, бағы жанды. "Суперстуденттің" финалында тізе біріктіре отырып, бәйгеге түсетін де осылар. Әдетте, топқа түсіп, жарысқа қатысқандар туралы айтқанда "тізе біріктіру" деген сөз тіркесі әсте қолданбаса керек еді. Бірақ финалға жолдама алғандардың екі топқа бөлініп, додаға түсетіндіктен дәл осылай сөйлеудің ағаттығы жоқ. Бір-біріне бәсекелес жандардың біріге қимылдауы, шынтуайтын айтқанда, өте қиын екені рас. Дегенмен, дала төсін еркін жайлаған көшпенділер ұрпағы үшін бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара бірліктік танытуы сондай таңсық әрекет емес екені де рас. Іштей буырқанған әр сезім мені жүйріктердің қатарына жіберсе екен деп емес, өз қатарына "Мен!" деген мықтылардың мықтысы келсе екен деп тілеуде. Сонымен, шек тасталды, нәтижесінде қос аруды қос қапталына алып, Нұрмұхамед батыр бір жақ болса, Кенжеғұл, Жарас, Димаш сынды білімімен қияндағы қырғиды іліп түсер үш азамат бір жақ болды. "Мынау жеңіске жетеді-ау" деп, алдын-ала болжауға болмайтын қос топ, жеңіске деген күдігінен үміті басым тастүлектер.

17-караша. Студенттердің Рухани орталығында ине шаншар орын жоқ. Үш-ақ жылдың ішінде батпандай бедел жинап үлгерген бұл байқауға сүйсінбеске шара жоқ. Төрешіліктің тағына орналасқан Сүлейменова Жұлдыз, Сайлауқызы Алма, Серім Ғалымжан, Сыздықова Малика, Қилыбаева Нұргүл, Бөлдірікова Нәзира сынды студенттер мен магистранттардан құралған қазылардың жүздерінен де қобалжу байқалатындай. Қате бағалаймыз-ау деген қорқыныштан емес, әр жүйрікке сәттілік тілеуден туындаған толқыныс. Сонымен, өздеріне "Шығыс жұлдыздары" деп ат қойған жігіттер үштігі сахнаға көтерілді. Әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи сынды ғ?ламалардың бейнесін сомдаған олар бір сәт көрермендерді ежелгі дәуірге біраз "саяхаттатып" қайтты. Іле-шала ойнақы әуені мен көңілді биі жиналған аудиторияны серпітіп, "Шаңырақ" тобы шықты. "Беташар" сайысынан соң, қос топ өз ділмарлықтарын танытып, түрлі логикалық сұрақтарға жауап берді, "брейн-рингте": "Ол 1786 жылдан белгілі. 19287 жылы орыс суретшісі Сергей Макроновский оның бейнесін салған болатын. Кейінірек көптеген суретшілер оның бейнесін өзгерткісі келді. Бірақ, осыған қарамастан, ол өзінің түп нұсқасымен байланысын, не өзінің бағалылығын жоғалтпады. Ол не?" деген сынды ой қозғайтын сауалдар да біздің талабы мен таланты келіскен студенттерімізге бұйым құрлы болмады (жауабы: Американ ақшасы).

"Тұлпардан тұлпар озар жарысқанда…" деп айтылғандай жарыстың да шарты сол – бір топ жеңілу керек. Өздерінің білімі мен өнерінің, тапқырлығының арқасында "Шаңырақ" тобы жеңіске жетті. Енді, манадан бері бір үйдің балаларындай қол ұстаса жеңіске ұмтылған Гүлжанат, Нұрмұхамед, Еңліктердің арасында суперфинал ойналып, "супермонолог" сайысы өтпек. Бұл жолы қос құрбысынан құрық тастам алға озып шыққан философия және саясаттану факультетінің студенті Байғараев Нұрмұхамед болды. Нұрмұхамед – ҚазҰУ-дың суперстуденті! Көшпелі кубок биылғы оқу жылында саясаттанушылардың қоржынында. Көптен күткен жұлдызды сәттің жеңімпазымен бір ауыз тілдескен едік:

***– Нүреке, қуанышың ұзағынан сүйіндірсін!***

– Рахмет! Қазір қатты толқып тұрмын. 17000 студенті бар ?азҰУдың суперстуденті атану – үлкен бақыт! Дәл қазір Алладан: "көкірегімді улаған тәкаппарлықты емес, иманымды өсіре гөр!" – деп тілеп тұрмын. Бұл қуаныштың артында үлкен салмақ бар екенін де сезем. Мен өзіме дәл қазірден бастап талапты арттыра түсуім қажет екенін де білем. Соған сай болуға тырысамын. Жарысқа түскер кезде өзіме: "Жеңілсең, жеңілдім деп саспа, жеңсең, жеңдім деп таспа, Нұрмұхамед!"- деп сөз берген едім. ҚазҰУ-дың бұл шарасы өте құптарлық, қуантарлық шара. Осы игі іс өз жалғасын таба берсе екен!

***– Қай тур өзіңе қиын болды?***

– Жартылай финал. Шыны керек, филфактағы Жарас пен Гүлжанаттан аздап сескендім. Гүлжанат қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын дарынды балалар мектебін бітіріп келіпті, ал Жарастың сөздің жілігін шағып, майын ішіп жүргені белгілі ғой. Бұл байқауға қатысқан барлық жас білімқұмар ғой, тек оны жеткізе білсең болғаны. Сондықтан, ол екеуінен ойымды жеткізуде кем түсем бе деп ойлағам. Осы ретте мен пікір-сайысқа шексіз алғысымды білдіргім келеді. Себебі тосылмай сөйлеу, ойыңды таратып айтуда көмегі ұшан-теңіз екен. Сол сияқты бәсекелесім Кенженің де іс-әрекетін ерлікке балауға болады. Мен тіршіліктің қадірін білмей жүрген құрбыларыма Кенжені үлгі қылар едім. Оған Алла шексіз нұр мен өмірге құштарлық беріпті. Мен барлық достарыма сәттілік пен бақыт тілеймін! Олар аман болса, біздің ел жерде қалмайды!

**Кәмшат ӘБІЛҚЫЗЫ**

***23 қараша күні Астана қаласында Білім және ғылым министрлігі, "Отан" партиясы саяси Кеңесінің мүшелері, "Жастар" Конгресі мүшелерінің қатысуымен "Жастар" сыйлығын табыс ету салтанатты рәсімі өтті. "Жылдың жас саясаткері" номинациясы бойынша 50 үміткердің ішінен "Отан" РСП "Жас Отан" Жастар қанаты Республикалық Кеңесі төрағасының орынбасары, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің 1-курс магистранты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының жетекшісі Жұлдыз Сүлейменова Қазақстан жастар Конгресінің "Жастар" сыйлығын жеңіп алды. Төменде Жұлдыздың осы байқауға қатысу үшін ұсынған эссесін жариялап отырмыз.***

# "ЖАСТАР" СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ АТАНДЫ



Мен Қазақстан Республикасының жас азаматымын! Тәуелсіз елім он бес жыл ішінде даму мен өркендеудің бірнеше онжылдықтарға тең жолынан өтті. Қазақстан жүргізіп отырған саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалар біздің көршілеріміз – ТМД елдерінде дамудың үлгісі ретінде қабылдануда. Демократияны нығайту үшін көптеген қадамдар жасалынды, елде саяси және қоғамдық тұрақтылықты сақтаудағы жетістіктер көз алдымызда. Осының бәрі жастардың оқу мен еңбектегі, тұрмыстағы меселелерін түбегейлі шешуге өздері тікелей және белсенді түрде қатысуына мүмкіндік берді. Мен бақытты азаматпын! Себебі тұрақты әрі тез дамудың үлгісі болып саналатын мемлекет Қазақстан Республикасында білім алып, өсіп, өркендеп келемін. Елбасы әр сөзінде бізге: "Егемен елдің болашағысыздар!" - деп сенім артады. Рас, Қазақстанды көркейтетін де, бәсекелестікке қабілетті елу елдің қатарына көтеретін де біздерміз! Мен бұл орайда бәсекелестікке қабілетті 50 елдің қатарынан орын алған, ірі әлеуметтік, экономикалық және саяси орталық болып табылатын Ұлы Қазақстанымыз үшін терең кәсіби білім алуым мен саяси ұстанымымның қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінемін. Сондықтан білім мен ғылымның қасиетті қарашаңырағына айналған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дәстүрлі де жүйелі жоғары біліммен сусындап, отансүйгіштік, патриоттық және азаматтық тәрбие алудамын. Ал азаматтық-саяси ұстанымымды еліміздегі ең ірі және беделді "Отан" партиясымен бірлестірдім. Себебі "Отан" партиясы - өмірдің өзі шақырып тұрған үлкен саясатқа берілген бірінші класты билет іспетті. Мен әрдайым партия басшысы, әлем таныған ірі саяси қайраткер, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстанды шапшаң дамуға қарыштап көтерілген ел ретінде сипаттайтын деңгейге жеткізгендігін мақтан тұтамын! Сондықтан ертеңгі нұрлы болашағымды "Отан" партиясымен біріктіре отырып, Туған елімнің экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрғыда тез дамуына үлес қосуға деген ынта-жігер ниетім ұшан-теңіз. Қазақстанның жарқын келешегіне аянбай қызмет етуге дайынмын!


ДИПЛОМ
Жыл сайын өтетін республикалық Қазақстан жастар Конгресінің «Жастар» сыйлығы
«Жылдың жас саясаткері» номинациясы бойынша берілді.

# Әзілін жарасса...

*Бір елдің үлкен үш басшысы кеңес өткізіп отыр дейді. "Елде жемқорлар мен ұрылар" көбейіп барады. Қалай күресін жатырсыздар? – деп сұрапты шені үлкен басшы.*

*- Иә, - деп қостай кетіпті екіншісі. – Статистикалық дерек бойынша, елдегі үш адамның бірі – ұры мен жемқор!*

*- Сонда ол үшеуміздің қайсысымыз? – депті түсінбей қалған үшіншісі.*

***

*- Сіз осы неге қарапайым адамдардың сөзін жүрдім-бардым тыңдайсыз, осынша менменсуге бола ма екен?! – деп сұрапты Әпенді әкімнен.*

*- Білмейтіндей сөйлейсің ә, - дейді әкім – мен білдей бір облыстың әкімімін!*

*- Оны білеміз. Әрі қарай кім боласыз?*

*- Бәлкім, басқа облысқа әкім болып ауысармын.*

*- Одан кейін ше?*

*- Министр болып кетуім ғажап емес*

*- Әрі қарай ше?*

*- Парламент Мәжілісінің депутаты...*

*- Содан кейін*

*- Ім-м,... ешкім*

*- Ал мен қазірдің өзінде "ешкіммін" ендеше менің алдымда шалқаятын сен кімсің?! – деген екен Әпенді.*

***

*Қаскабас профессор дәрісханаға кіріпті де:*

*- Мұнда кім ақымақ? Тез орнынан тұрсын! – депті түйеден түскендей.*

*Біраз үнсіздіктен кейін бір студент сүйретіле орнынан тұрыпты.*

*- Неге өзіңді ақымақпын деп есептейсің?*

*- Мен ақымақ емеспін. Тек сіздің жалғыз түрегеп тұрғаныңыз ыңғайсыз ғой...*

***

*- Жұмысқа неге кешіктің? – деп сұрапты мекеме бастығы қызметкерінен.*

*- Он сағат бойы ес-түссіз жаттым*

*- Не болып қалды?*

*- Өліп қалғандай ұйықтаппын!*

***

*Маржан ашқұрсақтарды жиып, ауызашар берген. Үнемі сабаққа кешігіп жүретін Ерлан мен Мұрат ауызашарға да бәрі тарап кеткен соң келді. Қай жел ұшырғанын кім білсін, сорайып Дияс та жеткен. "Батаны арамыздағы ең ұзынымыз берсін" – деп келістік. Түйе бойына сенің жылдан құр қалғанмен, Дияс ондай болмай шықты. Дән бір ауыл молдасының модасынша қомданып алды да:*

*- Жаратқан Алла қолдасын, Еш жамандық болмасын. Мұғалімнің бәрі 30 балдан төмен қоймасын! Әумин! – деп бет сипады...*

# Ескерту

*Сен жыладың, жігітім,*
*Көп көрдім деп бірліктің*
*суға аққанын*
*Қайтпады деп жіберген*
*гудоктарым*
*Сен жыладың,*
*Маякты ұстап алды деп*
*Сообщения шықпай қалды деп*
*Сен жыладың,*
*Көз жасың толып ағып,*
*Ақшасы жоқ сотканды*
*қолыңа алып,*
*Сен жыладың,*
*Мен бірақ қозғалмадым*
*Білем сенің ақшаңның*
*аз қалғанын*
*Есіңде ме, елдерге маяк тастап*
*Еврейский гудокқа мәз болғаның*
*Жә, жә жарар,*
*Көзіңді сүрт алға самға*
*Қарау керек бауырым, анда-санда*
*Қолыңдағы сотка ма,*
*далбаса ма*
*Көтер, кәне, сотканды қара ішін*
*Мұз бон еріп кеткен бе*
*баланысың?*
*Көтер, кәне, сотканды*
*Бірлікті босқа кетіріп пе едің.*
*Телефон неге сыр айтты сараң*
*Минусқа кіріп кеткеннің бәрін*
*Бақытсыздар деп кім айтты*
*саған*
*Кім айтты саған,*
*Гудокты үтір дейді деп,*



*Сразу көтермейді деп*
*Тек қана маяк тастасаң*
*Тарифы бекер дейді деп*
*Кім айтты саған,*
*Жұрттың бәрі мейірбан*
*арайлы деп,*
*Экрандағы нөмірге қарайды деп*
*Маякты ұстамайды*
*Жылатып қыстамайды деп.*
*Қиналып бекер алаңдадың-ау*

*Сотканды енді шулатпа*
*Маяк екен деп звандап тұрсаң*
*Ұстап алғандарды ұры атпа.*
*Бұл құлық әсте жеткізіп пе еді*
*Сразу ұстап жеңбесе,*
*Ақша жоқ кезде көп құтырынбау*
*Есіңде болсын, ендеше!*

**Мәулен АЛҒАЗЫ**
**2-курс**

# Кеңес

Жігіттер, темекіні шекпеңіздер
Арақ ішіп абыройды
төкпеңіздер.
Давай по курим дегендерге нет
деңіздер
Давай по пьем дегендерге кет
деңіздер
Әй, достарым, қалжың ғой
сөкпеңіздер
Мені сондай ақымақ
деп пе еңіздер.

# Күлпәш

Баяғыда болған екен,
Күлпәш деген өсекші.
Күйеуі оның қойдан жуас -
Бірақ оған көмекші.
Күйеуі күнде кешкұрым
Аңдып жүрер жастарды.
Әйеліне бүгін де,
Бар білгенін ақтарды.
Күлпаш оны естіп ап,
Жер жаһанға жаяды.
Қолы тимей өсектен,
Шәйді әрең қояды.
Екеуі бірге қосылып,
Шәйді ішіп алады.
Шәйді ішіп алған соң,
Күйеуіне құлақ салады.
Оның көрген-білгенін
Өзінше Күлпаш үға алар,
Жөн-жобасын сараптап,
Сан-сапасын шығарар.
"Сапалы" өсек ертеңі,
Барша жұртқа жайылар.
Өсек айтам деп жүріп,
Несібеден қағылар.
Өсек айту – жат қылық,
Бойыңа тез ұялар.
Пәктік пенен адалдық,
Жаныңа нұр құя алар.

**Маржан СӘДУАҚАС**
*3-курс*

# «Әлін білмеген – әлек»

## немесе ӘУМЕСЕР ҰЛДАН ӘКЕГЕ ХАТ

*(әскерден емес, Әмірикадан да емес)*

Әке, мен теледидарда жүрмін. Әсірелеп айта алмаймын. Әйтеу күндер өтіп жатыр. Әупірімдеп, НТК-дағы төртінші күнімнен де құтылайын дедім. Әркім-әркіммен түсірілімге барып көргенім болмаса, бүгін де тындырғаным шамалы. Әрқашан күліп жүретін кейпім де осы төрт күннің ішінде ұмыт бола бастағандай. Әдейілеп күлмей жүргем жоқ, орта таба алмай, қиын күн кешіп қалдым. Әдет қалмайды ғой, ерте ме, кеш пе, оны шығарып алармын. Әйтеуір журналисттік өмірге үйренсем болды. Әкең сияқты мұнда ешкім басыңнан сипамайды. Әйтсе де, білгендерін үйретіп, бас-көз болуға тырысып жүрген жайсаң жандар жетерлік. Әкіреңдейтіндер де табылады. Әміршіл-әкімшіл жүйе болмаса да, уақытпен, нұсқаумен жүрген, шынында, бастапқыда қиын болады екен.

...Әзіл мен әнді сағынып қалдым. Әредік редакциядағы жағы сембей жаңалық айтатын қара жәшіктен қазақша ән бере қалса, делебем қозып кетеді. Әнеукүні "Әпитөкті" ішімнен ыңылдап айтам деп (наушник тағып отырып), аңдамай, айқайлап айтып қойыппын. әумесер болмасам, өстер ме едім. "Әлдекімнің баласы құсамашы" деп үрсушы едіңіз ғой. Әлдекімнің баласы болдым өзі де.

Әрине көп нәрседен ұтатынымда дау жоқ. Әлемде не боп жатқанын біліп қалдым. Әсте мен сияқты сылбыр болуға болмайды екен. Ә, ұмытып барады екем, егер де жақсы істесек, бізге ақша береді, ақша! Әмиян емес пе қазір ең бастысы?! Әмияным семірсе, мен де семірем.

Әзірге мендегі жаңалық – осы.

Әжеме айтыңыз, менен еш алаңдамасын. Әдемі "келіндермен" әлеуләйді салып аман-есен жүріп жатыр екен деңіз. Әсет пен Елризаның беттерінен сүйіңіз.

"Әп, бәрекелді!"—дегізер жағымжы жаңалықтар көбейе берсін, Әке!

Әумин!

**Әсеттің алдында**
**туған ұлыңыз – МҰРАТ**
*29.12.2005.*

## КазҰУ-дың қызғалдақтары

**Назира БӨЛТІРІКОВА,**
***Студенттер сенатының төрайымы, шығыстану факультетінің 3-курс студенті***



МАМЫРЖАННЫҢ фотосы

*Заңды ғой,*
*Заңды бәрі, талас бар ма,*
*Аққа оранған көшелер,*
*ағаштар да.*
*Бар табиғат өзара*
*жарасқан ба?*
*Ақ мамықтар ұшып жүр*
*ақ аспанда.*

**Мұқағали МАҚАТАЕВ**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. КОЖАМҚҰЛОВ - ректор;
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;
М.Т. МҰҚАШЕВА - "Парасат" кәсіподағының төрайымы;
А.А. ШВЫДКО - ақпараттық-сараптамалық бөлімнің бастығы;
Ғ.СЕРІМ - студенттердің ``Сұңқар`` кәсіподағының төрағасы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

*Бас редактор* -
**Дәрмен СМАЙЫЛ;**
*Бас редактордың орынбасары*-
**Нәйлә САДЫҚОВА;**
*Жауапты хатшы*-
**Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА;**
*Көркемдеуші-беттеуші* -
**Талғат АХМЕТҚАЗЫҰЛЫ;**
*Фототілші* – **МАМЫРЖАН;**
*Кезекші редакторлар* -
**Лаура БЕКБОЛАТҚЫЗЫ,**
**Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ**

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы,
Әл-Фараби даңғылы,71,
ректорат, 11-қабат,
№1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29,
ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

*Нөмір редакцияның компьютер орталығында терiлiп, беттелді. "Полиграфсервис" баспаханасында (Жандосов көшесі, 55) басылды.*

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы- 1000 дана.
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989.
№ 486 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

"Қазақ университетіне" жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.